

Alstom мен "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ әріптестікті кеңейтуде

- KZ8A(NG) жаңа буын локомотивін пайдалана отырып, локомотив паркін жаңарту
- Локомотивтерді жергіліктендіру деңгейін одан әрі арттыру үшін өнім берушілер базасын кеңейту
- Қазақстанда СОБ бойынша озық технологиялар орталығын іске қосу

Париж, Франция, 2022 жылғы 30 қараша – орнықты және экологиялық таза көлік шешімдері саласындағы әлемдік көшбасшы Alstom мен "Қазақстан темір жолы" ҰК "АҚ (ҚТЖ) Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Францияға сапары кезінде ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Келісімге АМЕСА (Африка, Таяу Шығыс және Орталық Азия) өңіріндегі Alstom президенті Эндрю Делеон және ҚТЖ Басқарма Төрағасы Нұрлан Сауранбаев қол қойды.

Alstom мен ҚТЖ KZ8A(NG) жаңа буын локомотивтерін қоса алғанда, ҚТЖ локомотив паркін жаңартуға және техникалық қызмет көрсетуге байланысты ынтымақтастықты кеңейтті. Бүгінгі таңда коммерциялық пайдалануда 90 жүк және 39 жолаушылар локомотиві бар, бұл ретте ҚТЖ үшін 160 жүк және 80 жолаушылар локомотивін өндіріп, жеткізу жоспарлануда. Тараптар жергіліктендіру деңгейін арттыру үшін елдегі өнім берушілер базасының қуаттары мен теміржол технологияларын ұлғайту бойынша күш-жігерді біріктіруге уағдаласты. Соңғы 12 жылда Alstom компаниясы 340-тан астам жергілікті әріптесті қамтитын кең өнім берушілер базасын қалыптастырып, осы базаны кеңейтуді жалғастыруды және жергіліктендіру қарқынын ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Alstom мен ҚТЖ еліде EBI Lock 950 (СОБ) өнімдері бойынша сараптамалық әлеуетті қалыптастыру мақсатында әріптестікті әртарапандыру және Қазақстанда СОБ бойынша озық технологиялар орталығын құру туралы уағдаласты. Alstom компаниясы ең заманауи теміржолдарды құруға деген ұмтылысын көрсетіп отыр және орнықты даму процесінің негізгі қатысушысы болып табылады. Сонымен қатар, Alstom елдегі көлік құралдарының шығарындыларын қысқарту үшін сутегі отыны мен аккумуляторлардағы пойыздарға ерекше көңіл бөле отырып, шығарындылар деңгейі төмен теміржол технологияларын енгізу бойынша ҚТЖ-мен жұмыс істейтін болады.

"Alstom-ның Қазақстандағы жұмысы елдегі тікелей көлік қажеттіліктерін қамтамасыз етумен шектелмейді, ол қуатты және орнықты теміржол саласын құру процесінде ҚТЖ-ны қолдауға бағытталған. Біз Қазақстанның даму болашағын жергіліктендіру деңгейінің артуы мен кадрлармен қамтамасыз ету, сондай-ақ жаңа экспорттық мүмкіндіктер ретінде қарастырамыз. Біз әуел бастағыдай, елдің теміржол саласын жаңғыртуға және оның экономикасын дамытуға елеулі үлес қосуға ниеттіміз", - деді АМЕСА өңіріндегі Alstom президенті Эндрю Делеон.

Alstom-ның Қазақстандағы қызметкерлер штатында 1 000-нан астам маман бар және компания төрт сервистік орталықпен және екі өндірістік кәсіпорынмен ұсынылған. Біріншісі – жүк және жолаушылар электровоздары өндіріліп, тартым трансформаторлары

мен арбалар жасалатын Астанадағы "ЭҚЗ", екіншісі – елдің теміржол желісі үшін бағыттамалық жетектер өндірілетін Алматыдағы "КЭП". Alstom көлік саласын жаңғыртуға және ел экономикасын дамытуға елеулі үлес қосып келеді.

Таңдалған шешімдер қазақстандықтардың күнделікті өміріне айтарлықтай әсер етеді және елдің теміржол желісін жаңғыртудың ажырамас бөлігі болып табылады. Анағұрлым жоғары жылдамдықтан, үлкен өткізу қабілеті мен жоғары пайдалануға дайындық коэффициентінен бөлек, 250 жүк және 119 жолаушылар Prima локомотиві құрамдастарының 97%-ы қайталама қайта өңдеуге жарамды. Alstom пайдалану деректеріне сәйкес, Қазақстанда пайдаланылатын Alstom өндірген пойыздар автомобильдермен салыстырғанда 89%-ға аз CO_2 /жолаушы-километр шығарады және елде энергетикалық баланста жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың ұлғаюына қарай CO_2 шығарындыларының одан әрі төмендеуі байқалатын болады.

Қазақстанда Alstom туралы көбірек біліңіз: <https://www.alstom.com/alstom-kazakhstan>

Alstom компаниясы туралы

Көмірқышқыл газ шығарындыларының төмен деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылатын Alstom компаниясы болашақ көліктік тасымалдар үшін тұрақты негізді қалыптастыратын ұтқыр шешімдерді қабылдайды және жүзеге асырады. Alstom өнімдерінің портфолиосы саладағы ең үлкен және жоғары жылдамдықты пойыздарды, метро пойыздарды, монорельстерді, трамвайларды, сондай-ақ біріктірілген жүйелерді, мамандандырылған қызметтерді, инфрақұрылымды, орталықтандыру жүйелерін және цифрлық ұтқырлық шешімдерін қамтиды. Дүние жүзіндегі коммерциялық қызметтегі 150 000 көлік компанияның жобаларды басқару, инновациялар, инженерия және технологиялар саласындағы тәжірибесінің дәлелі болып табылады. 2021 жылы компания Dow Jones жаһандық және Еуропалық тұрақтылық индекстеріне қатарынан 11-ші рет қосылды. Штаб-пәтері Францияда орналасқан Alstom 70 елде өкілдігі бар және 74 000-нан астам адамды жұмыс істейді. 2022 жылдың 31 наурызында аяқталған қаржы жылында Топтың кірісі 15,5 миллиард еуроны құрады.

Байланыс

БАҚ үшін:

Зәуре Шубаева - Моб.: +7 701 889 3345
zaure.shubayeva@alstomgroup.com